

Балаубаева Б.М.,  
Губайдуллина М.Ш.

**Қолданбалы талдау әдісіндегі  
халықаралық қатынастар:  
сарапшы мамандарды  
дайындау мәселесі**

Батыстың жоғары білім беру жүйесінде «Халықаралық қатынастар», әдетте саяси ғылымның немесе саясаттанудың бір бөлігі болып табылады. Осыған ұқсас жағдайлар Еуропа, АҚШ, Жапония және басқа да мемлекеттер университеттерінің басым бөлігінде орын алады, яғни бұл жерлерде халықаралық қатынастар факультеті жоқ, сәйкесінше жеке мамандық та жоқ. Орыс дәстүрінде, керісінше «Халықаралық қатынастар» мамандығының барлық бағыттары саясаттануға қарағанда әлдеқайда ертерек дамыды (Кеңес одағында «саясаттану» ұғымы «буржуазиялық ғылым» болып саналды және оған тыйым салынды). «Халықаралық қатынастар» арқылы ұлттық мемлекеттердің саяси қатынастары, халықаралық ұйымдар, сыртқы әлем және сыртқы саясат туралы белгілі бір білім жүйесі жасалды және философия, әлеуметтану, тарих және т.б. секілді өзара байланысты пәндерден алынған оларды зерттеудің нақты әдіс-тәсілі жасалып шығарылды. 1990 жылдардың басында посткеңестік кеңістікте, сондай-ақ Қазақстанда дамуы бойынша ресей тәжірибесіне де, Болон жүйесінің батыс стандарттарына да негізделген «Халықаралық қатынастар» және «Саясаттану» секілді екі жеке мамандық пайда болды. Бұл мақалада біз қолданбалы талдау әдістеріне, әсіресе жүйелі-функционалды әдіске, сонымен қатар халықаралық қатынастар және сыртқы саясаттың жеке әдістеріне тоқталамыз.

**Түйін сөздер:** халықаралық қатынастар, социологиялық әдістер, әдіснама, қолданбалы талдау әдісі.

Balaubayeva B.M.,  
Gubaidullina M.Sh.

**International relations in the  
methodology applied analysis:  
the question of the learning of  
analysts**

In higher education the West «International Relations» is usually part of the political science or «politology». A similar situation exists in the majority of universities in Europe, USA, Japan and other countries. There are no faculties of international relations. On the contrary, in the Russian tradition, all directions «International Relations» have been developed much earlier than political science. It so happened that through the «International Relations» was developed by a certain system of knowledge about the political relations of nation-states, international organizations, about the outside world and foreign policy, developed specific methodology for their study, borrowed largely from related disciplines – philosophy, sociology, history and al. In the early 1990s, two specialties have first been discovered in Kazakhstan – «International Relations» and «Political Science». Both directions of its development is based on the Russian experience and Western standards of the Bologna system. In this article we will focus on methods of applied analysis, in particular the systemic-functional approach and individual techniques of international relations and foreign policy.

**Key words:** international relations (hereinafter – the Ministry of Defense); sociological methods, methodology, application analysis.

Балаубаева Б.М.,  
Губайдуллина М.Ш.

**Международные отношения  
в методике прикладного  
анализа: к вопросу о подготов-  
ке специалистов-аналитиков**

В высшем образовании Запада «Международные отношения» является, как правило, частью политической науки или политологии. Подобная ситуация существует в большинстве университетов Европы, США, Японии и других стран, там нет факультетов международных отношений, соответственно, нет отдельной специальности. Наоборот, в российской традиции все направления специальности «Международные отношения» получили свое развитие много раньше, чем политология (В Советском Союзе «политология» объявлялась «буржуазной наукой» и запрещена). Так получилось, что через «международные отношения» была разработана определенная система знаний о политических отношениях национальных государств, о международных организациях, о внешнем мире и внешней политике, разработана конкретная методика их исследования, заимствованная во многом из смежных дисциплин – философии, социологии, истории и др. В начале 1990-х годов на постсоветском пространстве, включая Казахстан появились две отдельные специальности – «Международные отношения» и «Политология», которые в своем развитии опирались как на российский опыт, так на западные стандарты Болонской системы. В данной статье мы остановимся на методах прикладного анализа, в частности системно-функциональном подходе и на отдельных методиках международных отношений и внешней политики.

**Ключевые слова:** международные отношения (далее – МО); социологические методы, методология, прикладной анализ

**ҚОЛДАНБАЛЫ ТАЛДАУ  
ӘДІСІНДЕГІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАТЫНАСТАР:  
САРАПШЫ  
МАМАНДАРДЫ  
ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ**

Халықаралық қатынастардың пәнаралық сипаты – түсінікті анықтау мәселесі. Ежелден халықтар, мемлекеттер, аумақтық бірлестіктер бір-біріне қатысты «сыртқы» атты ерекше саясат ұстанды, ал сыртқы саяси әрекеттер өріс алатын және жеке мүдделер көзделетін кеңістік – халықаралық қатынастар деп аталды, оның негізі саяси қатынастар, сыртқы саясат, дипломатия болып табылады. Бұл ұғымдарды ең алғаш рет XVIII ғ. ағылшын философы, құқықтанушысы, әлеуметтанушысы Джереми Бентам жүйелі және дәйекті түрде сипаттады. Дж. Бентам – саяси либерализмнің ірі теоретиктерінің бірі, сондай-ақ халықаралық қатынастарды ғылыми зерттеу бойынша негізін салушылардың бірі.

Кейінірек, француз философы және әлеуметтанушысы Раймон Арон халықаралық ортаға «халықаралық қатынастар – саяси бірліктер арасындағы қатынастар» деген түсінік енгізді. Халықаралық қатынастар қатысушыларының өзгешелігі, ең алдымен мемлекеттер арасындағы немесе «дипломат» және «жауынгер» арасындағы өзара әрекеті болып саналады [1]. Арон сыртқы саясатты жүргізу қисынын түсіндіруге жәрдемдесетін өлшемдерді айқындайды. Ол дәйекті түрде дипломатия мен стратегия арасындағы өзара тәуелділікті, кейін саяси бірліктер құдіретіне әсер ететін факторларды, мемлекеттік қайраткерлер жетуге талпынып жүрген мақсаттарды талдайды және жеке алынған сыртқы саяси тәртібі жағдайын міндеттер, тәсілдер, мақсаттармен байланыстырады. Арон бойынша, халықаралық қатынастар ерекше табиғатқа, «анархиялық» сипатқа ие және қандай да бір белгіздікпен ерекшеленеді. Нәтижесінде, халықаралық қатынастардың әр қатысушысы өзге қатысушылар тәртібінің болжауға болмайтын әрекетіне сүйене отырып, қадам жасауға мәжбүр болады.

Халықаралық қатынастар акторларының қандай да бір әрекетінің себебінде объективті-субъективті шынайылық жатыр, ол адам санасына байланысты [2]. Халықаралық ортаның «анархиялық табиғатын» реттеу үшін тарихта ХҚ-ға «анархия» деп аталатын іс-әрекеттерді оқшаулау және шектеу шаралары қолданылған болатын. Француз зерттеушісі М.Мерль ХҚ-ның бұндай оқшау өлшемі «шекараны қиып өтететін немесе шекараны қиып өтуге беталысы бар келісімдер мен

ағындар жиынтығы» екендігіне сенімді. Зама-науи тілмен айтқанда, халықаралық қатынастар – әлемдік аренаға шығатын ұлттық мемлекеттер мен халықаралық бірлестіктердің, әлеуметтік, экономикалық және саяси күштер, ұйымдар мен қозғалыстардың барлық байланыстары мен қатынастарының жиынтығы.

Осыған байланысты ХҚ – экономикалық, саяси, әскери, идеологиялық, құқықтық, дипломатиялық болып бөлінеді және жаһандық, аймақтық, ұлттық деңгейдегі қызметінің түрлеріне сәйкес зерттеледі. Сондай-ақ, екіжақты немесе көпжақты формат ретінде бөлу жөн. Бұл өзара байланыс, әдетте, шекаралық, пәнаралық сипатқа ие, әсіресе, саясаттанулық зерттеу әдіс-тәсілдерінде айқын көрініс алады. Бір тақырыпты зерттеу үшін әртүрлі әдістерді таңдау – оны зерттеу барысында тамаша траекторияға, алуан түрлі ақпарат жинауға, мүмкін даулы тұжырымға, дегенмен нәтижесінің шындыққа жақындауына алып келеді. Осылай, халықаралық қатынастар туралы ғылым нені зерттейді деген сұраққа жауап анықталған соң, біз білімді қалай аламыз деген сұрақ қойылуы қажет.

Мәселе ХҚ-ны және сыртқы саясатты зерттеу әдістері жайлы, әрекеттер, операциялар, амалдардың белгілі бір ретін таңдау жайында болып тұр.

Әдіс мәселесі зерттеу барысында барынша көрнекі нәтижеге қол жеткізу үшін, ғылымдағы танымдық, теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешу үшін, жана білім алып, оны тәжірибеде қолдану және т.б. үшін ең маңыздысы ретінде анықталады. Ғылыми қызметтің нәтижесі, көбінесе зерттеу әдістері және оның әдістемесі қаншалықты дәл болатынына байланысты. Ғылыми әдіс – бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдану, бұл теория мен әдіс арасында тығыз өзара байланыс болатын «тәжірибедегі теория» [3].

Сыртқы саясат және халықаралық қатынастар мәселелерін зерттеуге қатысты жүйелік әдісті немесе тәсілді және әдіснамалық бағытты қарастырамыз. Соңғы онжылдықта жүйелік-функционалдық әдіс ұғымы кеңінен тарады. Бұл әдіс ұстанымы тарапынан қарастыратын болсақ, сыртқы саясат – мақсатқа қол жеткізу секілді функционалды мәселеге мамандандырылатын функционалды жүйе ретінде түсіндіріледі. Қандай да жүйенің болмасын маңызды қызметі – тұрақтылық, ол өз ішінде әртүрлі элементтердің қызмет етуімен қамтамасыз етіледі. Бұл тұрақтылық элемент жүйелерінің ұдайы өндірілуі мен тепе-теңдікті ұстау есебінен

қамтамасыз етіледі. Жүйелік тәсіл халықаралық жүйе функционалды қызметінің жалпы, әмбебап заңдылықтарын орнатуға мүмкіндік береді. Ең алдымен, қазіргі ХҚ негізі – Вестфаль жүйесі, ол өз кезегінде ХҚ-ның Вена жүйесі, ХҚ-ның Вашингтон жүйесі, ХҚ-ның Ялта-Потсдам жүйесі секілді негізгі жүйелік бөлімдерден тұрады. Олардың әрқайсысы жеке қосалқы жүйеден тұрады.

Қандай да болмасын жүйеде немесе қосалқы жүйеде барлық саяси институт, ұйым, мемлекет, жеке тұлға, партиялар, шіркеу және т.б. қарастырылады. ХҚ-да жүйелік тәсіл ұлттық, мәдени, этникалық, діни және басқа да ерекшеліктер, олардың негізінде пайда болатын қақтығыстар секілді халықаралық өмірдің маңызды ерекшеліктерін ескереді.

Жүйелік-функционалдық әдістемеге толықтыру және түзету енгізетін әдіс – салыстырмалы әдіс болып саналады. Бұл әдіс халықаралық аренада сыртқы саяси акторлардың әрекет көрсетуінің белгілі бір ортақ заңдылықтары бар деген алғышартқа сүйенеді, өйткені әртүрлі халықтың саяси жүйесінде, мәдениетінде ортақ дүниелер көп.

Салыстырмалы әдіс біртепті саяси құбылыстарды, яғни мемлекеттік және саяси құрылыстарды, режимдерді, мүдделерді, мәселелерді және т.б. салыстырады. Салыстырмалы әдісті қолдану басқа мемлекет пен халықтың тәжірибесін табысты қолдануға мүмкіндік береді.

Осылайша, халықаралық қатынастардағы салыстырмалы әдісті күш балансын, мүдде балансын негізге ала отырып, ынтымақтастық және қақтығыс/қарсылық/күрес саласындағы қатынастарды зерттеу барысында қолдануға болады.

Қазіргі ғылымда өтпелі қатынастар мен ортаның ахуалы аз зерттелген (дамушы және дамыған мемлекеттер арасындағы қатынастар, мысалы G7/8 немесе G20-нің мардымсыз экономикалық дамуы және ресурстық әлеуеті бар «шалғай» мемлекеттермен қатынасы). Өзара әрекеттесетін қатысушылар негізіндегі қатынастар, яғни мемлекетаралық, аймақтық қатынастар; халықаралық ұйымдар мен ТҰК қатынастары; жеке ұлттық акторлар, одақтар, альянстар және т.б. арасындағы қатынастар ғылыми және тәжірибелі қызығушылыққа ие. Әртүрлі қоғамдастықтардың сәйкестігін іздеу де, қоғамдық және саяси өмір (экономикалық; саяси; әскери-стратегиялық; мәдени; идеологиялық байланыстар мен қатынастар) саласының ортақ өркениетті өлшемі негізінде зерттеу секілді жалғасуда. ХҚ-ның барлық жаһандық

жүйесін түрлендіру дәуірі тұрақтылық және тұрақсыздық; сенім және араздық қатынастары; ынтымақтастық және қақтығыс; бейбітшілік және соғыс қатынастары және т.б. деңгейінің өлшемі негізінде *шиеленіс дәрежесін* айқындай отырып, *геосаяси өлшемге* негізделе, жаңа әдістер мен технологияларды қолдана отырып, жаһандық, аймақтық, субаймақтық қатынастарды мұқият зерттеуді қажет етеді.

Халықаралық қатынастар мен сыртқы саясатты зерттеудің қолданбалы әдістері табиғи түрде ғылыми айналымға енді. Қолданбалы талдаудың пәнаралық әдістері, ең алдымен, эмпирикалық мәліметтерді жинау және өңдеу тәртібінің сома-сын болжайды.

Халықаралық қатынастарды зерттеу үшін деректер жинау барысында элеуметтану және саясаттануда қолданылатындай сауалнама және сұхбаттасу; айтарлықтай маңызды орын алған контент-анализ, ивент-анализ және когнитивті карталау, статистикалық мәліметтер мен құжаттарды зерттеу секілді эмпирикалық әдістерді қолдану талап етіледі [5].

Бұл әдістерді қолдану квантификация жүргізуге, яғни саяси құбылыстардың айқындылығын сандық өлшеуге ерік береді, сондықтан математикалық әдістер мен компьютерлік техниканы қолдануға мүмкіндік туады.

Айрықша қолжетімді және үлкен қаржылық және еңбек шығынын талап етпейтін – контент-анализ болып табылады. Контент-анализдің алғашқы зерттеулері Г. Лассуэлл және оның Стэнфорд университетіндегі еңбектерімен байланысты. Жалпы түрде, бұл әдіс мәтіннің мазмұнын жүйелі зерттеу ретінде және «автор атап көрсеткісі (жасырғысы) келген сұраққа жауап беру мақсатында» мәтіндік мәліметтер сипатын анықтау және бағалау ретінде қарастырылады [5]. Контент-анализ тәсілі белгілі бір құжаттарды (мемлекеттік және саяси көшбасшылардың, ұйымдардың, абыройлы дипломаттардың, конституцияның, заңнамалардың партия бағдарламаларының мемлекетаралық шарттары, келісімдері, хаттамалары, сөздері, баспасөз немесе электронды ақпарат құралдарының нұсқаулары) мақсатты түрде зерттеуді талап етеді. Басқаша айтқанда, саяси ғылымдағы контент-анализ – барлық саяси ақпараттың сандық талдауы. Заманауи жағдайда бұл әдісті іске асыру компьютер технологияларын кең қолданумен байланысты болып келеді. Бұл әдістің артықшылығы – шынайы ақпарат негізінде қандай да саяси құбылыс жайлы фактографиялық мәліметтерге жылдам қол жеткізу [5].

Контент-анализ көптеген эмпирикалық мәліметтерді бір негізгі, біртұтас ретінде көрсететін факторлы анализбен тығыз байланысты. Бұл әдістемелік тәсіл қандай да бір саяси құбылыстың әдеттегі көрінісін белгілейтін когнитивті карта құруға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі бағыттың жарқын өкілі және саяси реализм мектебінің негізін салушысы – Г.Моргентауды еске алу қажет. Моргентау халықаралық қатынастар болмысын түсіндіруге аса қажетті билік секілді феномен, «тексерілетін, бағаланатын, болжамдалатын, бірақ сандық сипатта өлшенбейтін тұлғааралық қатынастар қасиетіне ие... Әрине, саясаткерге қанша дауыс берілуі мүмкін, үкімет қанша дивизия мен ядролық оқтұмсыққа ие екендігін анықтауға болады және анықтау қажет. Бірақ маған егер, саясаткерде немесе үкіметте қаншалықты билік бар екендігін түсіну үшін мен компьютер мен есептеуіш машинаны шетке жылжытып қойып, тарихи, міндетті түрде сандық көрсеткіштерді толғауға көшемін» [6]. Шынында да, *құжаттарды талдау* мәселесін шешу үшін фактографиялық ақпарат жеткілікті болған жағдайда ғана зерттеушіні қанағаттандырады. Зерттеуші алдына қойылған мәселе кеңірек болса, онда ақпарат жинаудың бақылау, сауалнама секілді әдістеріне көшуі қажет. Бақылау дегеніміз саяси фактілерді арнайы, мақсатты, тікелей жүйелі қабылдап және тіркейтін алғашқы эмпирикалық мәліметтерді жинау әдісі. Бақылау екі түрге бөлінеді: қосулы және қосулы емес. Қосулы емес бақылау кезінде оқиғалар мен фактілер сырттан бақыланады. Қосулы бақылау барысында бақылаушы қандай да бір оқиғада, ұйым қызметінде және т.б. қатысушы ретінде рөл атқарады. Бақылаушы бір уақытта қарсылық көрінісінің, митингісінің, әрекетінің қатысушысы болып, сол қозғалыс және т.б. құрамына немесе басшылығына кіреді. Бұл жағдайда, біз бұндай көріністердің сыртқы саяси және халықаралық мәнмәтінін меңзеп тұрмыз. Саяси ақпарат жинаудың кең тараған әдісінің бірі – сауалнама. Сауалнама – зерттеушінің белгілі бір сұхбатшы-адамдар жиынтығына зерттеліп отырған мәселеге байланысты сұрақ қою арқылы ауызша немесе жазбаша жолдауы. Сауалнама кең таралған мәселелерге қатысты қоғам ойын зерттеу үшін жүргізіледі.

Осылайша, халықаралық қатынастардың, сыртқы саясаттың, және жалпы әлемдік саясаттың саяси талдауы (анализі) мемлекеттік саясатты құруда тікелей тәжірибелік маңыздылыққа ие. Үлкен ауқымды өңделген ақпараты бар

зерттеу негізінде саяси маңызы бар қоғамдық мәселелерді анықтау өлшемі өңдеп шығарылады, қажетті ақпарат қамтамасыз етіледі, үкіметтің әлеуметтік, ұлттық және қорғаныс саясаты қалыптасады, әлеуметтік қақтығыстардың беті қайтарылып, шешіледі.

«Халықаралық қатынастар» мамандығының түлегі қолданбалы және теориялық талдау негіздерін меңгере отырып, келесі жалпыға ортақ мәдени және кәсіби құзыретке иеленеді: жүйелі түрде ойлай білу, ақпаратты түйіндеу, талдау, қабылдауға қабілетті болу, мақсаттар қоя білу және оған жету жолында дұрыс бағыт таңдау, халықаралық-саяси және дипломатиялық мәселелердің мағынасын анықтау; ұжымда әріптестерімен ынтымақтасуға дайын болу; бейстандартты жағдайда ұйымдастырушылық-басқарушылық шешім таба білу және ол үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болу; өз қызметінде нормативтік құқықтық құжаттарды қолдана білу; кәсіби қызметті орындауға деген жоғары ынтаға ие болу; әлеуметтік және кәсіби мәселелерді шешу барысында негізгі ережелерді және әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар әдісін қолдану дағдыларына ие болу, өзінің ғылыми-негізделген тұжырымдарына тәжірибелік қолданысты енгізуге талпыну, жаһандық компьютер желілеріндегі ақпаратпен жұмыс істей алу; өндірістік қызметкер мен тұрғындарды мүмкін болатын

апаттардың, зілзалалардың, табиғи апаттардың салдарынан қорғаудың негізгі әдістеріне ие болу; халықаралық ақпараттардың бейстандартты түсінігін табу; келіссөздер арқылы келісімге келу дағдысына; тұлғааралық қатынастар этикасы мен эмоционалды өзін-өзі реттеу қасиетіне ие болу.

Қазіргі әлемдік даму, еш даусыз, кешенділігімен және көп өлшемділігімен сипатталады. Факторлардың әр алуандығы және саяси өзара әрекеттестіктің әр деңгейлі сипаты халықаралық қатынастар және әлемдік саясат саласында зерттеу жүргізудің үдемелі күрделілігін анықтайды. Халықаралық шынайылық талдауына жаңа талаптар ұсынылады. Осы іспеттес зерттеу түрлері халықаралық шынайылықтың дамуын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болашағы бойынша бекітіп және бағалап қана қоймай, сондай-ақ болжамдай білетін мамандардың жаңа буынын барлық деңгейде және барлық өлшемде дайындауды қажет етеді. Саясаттанулық зерттеудің заманауи аспаптарын, халықаралық саяси үрдісті зерттеудің әдістемесі мен әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, студенттер және жас ғылымдар жоғарыда аталған құзыретті иемденеді. Ал заманауи зерттеуші аналитикалық аспаптардың белсенді жинағына ие бола отырып, ең алдымен халықаралық ортада жаңа факторлар ықпалымен пайда болатын мәселелерді шешетін аналитик ретінде қабылданады.

#### Әдебиеттер

- 1 Арон Р. Этапы развития социологической мысли. – М.: Изд. группа «Прогресс-Универс», 1993. – 608 с.
- 2 Цыганков П.А. Политическая социология международных отношений. – М.: Радикс, 1994. – 208 с.
- 3 Косолапов Н.А. Явление международных отношений: историческая эволюция объекта анализа // Мировая экономика и международные отношения. 1998. – №4. – С.12
- 4 Цыганков П.А. Международные отношения. – М.: Новая школа, 1996. – 320 с.
- 5 Косолапов Н.А. Явление международных отношений: современное состояние объекта исследования // Мировая экономика и международные отношения. – 1998. – № 5. – С.103
- 6 Моргентау Г. Политические отношения между нациями. Борьба за власть и мир // Социально-политический журнал. – 1997. – №2. – С.190.

#### References

- 1 Aron R. Etapy razvitiya sotsiologicheskoy mysli. – M.: Izd. gruppya «Progress-Univers», 1993. – 608 s.
- 2 Tsygankov P. A. Politicheskaya sotsiologiya mezhdunarodnykh otnosheniy. – M.: Radiks, 1994. – 208 s.
- 3 Kosolapov N.A. Yavleniye mezhdunarodnykh otnosheniy: istoricheskaya evolyutsiya ob»yekta analiza // Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnyye otnosheniya. 1998. – N4. – S.12
- 4 Tsygankov P.A. Mezhdunarodnyye otnosheniya. M.: Novaya shkola, 1996. – 320 s
- 5 Kosolapov N.A. Yavleniye mezhdunarodnykh otnosheniy: sovremennoye sostoyaniye ob»yekta issledovaniya // Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnyye otnosheniya. – 1998. – N 5. – S.103
- 6 Morgentau G. Politicheskiye otnosheniya mezhdun natsiyami. Bor'ba za vlast' i mir // Sotsial'no-politicheskiy zhurnal.-1997.- N2. – S.190